

## Қазақстан Республикасының кейбір нормативтік құқықтық актілеріне қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 30 шілдедегі № 157 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 16 қазанда № 17559 болып тіркелді.

### РҚАО-ның ескертпесі!

### Осы қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 5 т. қараңыз!

Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін жетілдіру мақсатында және "Мемлекеттік статистика туралы" 2010 жылғы 19 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің Тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) бекітілсін.

2. Қаржы нарығының әдіснамасы департаменті (Әбдірахманов Н.А.) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның қазақ және орыс тілдеріндегі қағаз және электрондық түрдегі көшірмесін " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ресми жариялау және Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін жіберуді;

3) осы қаулыны ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Заң департаментіне осы қаулының осы тармағының 2), 3) тармақшаларында және 3-тармағында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау және сыртқы коммуникациялар басқармасы (Терентьев А.Л.) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспасөз басылымдарында ресми жариялауға жіберуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Төрағасының орынбасары О.А. Смоляковқа жүктелсін.

5. Осы қаулы Тізбенің алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізілетін 7, 8 және 11-тармақтарын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлттық Банк  
Төрағасы

Д. Ақышев

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ақпарат және коммуникациялар министрлігі  
Министр \_\_\_\_\_ Д. Абаев  
2018 жылғы 8 қазан

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық экономика министрлігі  
Министр \_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов  
2018 жылғы 10 қазан

Қазақстан Республикасы  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2018 жылғы "30" шілдедегі  
№ 157 қаулысына  
қосымша

### **Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің Тізбесі**

1. "Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіруге қосылу шартына екінші деңгейдегі банктердің қосылуы туралы өтініш нысанын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2006 жылғы 23 қыркүйектегі № 216 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4430 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

Қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш осы Қазақстан Республикасының қаржы нарығын реттеу мәселелері бойынша өзгерістер енгізілетін нормативтік құқықтық актілерінің Тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын.

2. "Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес-занды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 ақпандағы № 80

қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 7510 болып тіркелген, 2012 жылғы 24 мамырда "Егемен Қазақстан" газетінде № 261-266 (27340) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Екінші деңгейдегі банктердің олармен ерекше қатынастар арқылы байланысты тұлғаларға және Қазақстан Республикасының резиденттері және резиденттері емес-заңды тұлғаларға барлық берілген банктік қарыздарының және банк кепілдіктерінің жиынтық көлемін есептеу қағидаларында:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Банктің бас банктің күмәнді және (немесе) үмітсіз активтерін иемденетін еншілес ұйымдарына берілген, жиынтық көлемі Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15886 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2017 жылғы 13 қыркүйектегі № 170 қаулысымен бекітілген Пруденциалдық қалыптардың қалыптық және өзге де орындалуы міндетті нормалар мен лимиттерді маңызы мен есептеу әдістемелеріне, белгілі бір күнге шекті банк капиталының мөлшеріне (бұдан әрі – № 170 нормативтер) сәйкес айқындалатын қарыздар мен банк кепілдіктерін қоспағанда, Банктер туралы заңның 8-1-бабының 1 және 2-тармақтарында көрсетілген барлық банк қарыздары мен банк кепілдіктерінің жиынтық көлемі әрбір банк бойынша банктің меншікті капиталының 50 (елу) пайызынан аспайды.";

2-тармақтың тоғызыншы абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"МК – № 170 нормативтерге сәйкес есептелген меншікті капитал."

3. "Болу қажеттілігі қаржы ұйымдарының қызметін реттейтін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес талап етілетін заңды тұлғалар және елдер үшін ең төменгі рейтингіні, осы рейтингіні беретін рейтингілік агенттіктер тізбесін белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 24 желтоқсандағы № 385 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8318 болып тіркелген, 2013 жылғы 5 маусымда "Егемен Қазақстан" газетінде № 141 (28080) жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" 1995 жылғы 31 тамыздағы Қазақстан Республикасының Заңы (бұдан әрі – Банктер туралы заң) 8-бабының 3 және 13-тармақтарын, 8-1-бабы 2-тармағының 4) және 6) тармақшаларын, 11-1-бабының 14-тармағын, 17-бабының 5-тармағын, 17-1-бабының 1 және 6-1-тармақтарын, 18-бабының 1-тармағын, 20-бабының 15-тармағын, 30-бабының 12 және 13-тармақтарын, 40-бабының 12-тармағын, 44-бабының 5-тармағын, 45-бабының 7-тармағын, 52-12-бабының 3-тармағын және 60-бабының 7-тармағын, "Сақтандыру қызметі туралы" 2000 жылғы 18 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы 15-1-бабының 6-тармағын, 21-бабының 4-тармағын, 26-бабының 1-тармағын, 32-бабының 14-тармағын, 34-бабының 15-тармағын, 44-бабының 6-тармағын, 48-бабының 3, 9 және

10-тармақтарын, 62-бабының 9-тармағын, "Бағалы қағаздар рыногы туралы" 2003 жылғы 2 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы 47-бабының 2-тармағын, 72-1-бабының 1-тармағын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Мынадай Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – заңды тұлғалар үшін Standard & Poors рейтингтік агенттігінің "BBB"-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі кредиттік рейтинг белгіленсін:

банк не сақтандыру холдингі мәртебесін иеленетін (мәртебесіне иеленген) заңды тұлғалар;

банктің, сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымының, ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығымен инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне иеленген) заңды тұлғалар;

Қазақстан Республикасында еншілес банктер құратын (бар) банктер;

Қазақстан Республикасында еншілес сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары бар сақтандыру (қайта сақтандыру) ұйымдары.

Мынадай Қазақстан Республикасының бейрезиденттері – заңды тұлғалар үшін Standard & Poors рейтингтік агенттігінің "B"-тен немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі кредиттік рейтинг белгіленсін:

ерікті зейнетақы жарналарын тарту құқығынсыз инвестициялық портфельді басқарушының ірі қатысушысы мәртебесін иеленетін (мәртебесіне иеленген);

бағалы қағаздар нарығында кәсіби қызметті жүзеге асыратын еншілес ұйымдары бар.

Банктер туралы заңның 8-1-бабының 2-тармағы 4) тармақшасының мақсаттары үшін мынадай ұзақ мерзімді ең төменгі тәуелсіз рейтинг белгіленсін:

шет мемлекеттің шетел валютасында - Standard & Poors рейтингтік агенттігінің шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі рейтингі "BBB"-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес.

Банктер туралы заңның 8-1-бабының 2-тармағы 6) тармақшасының мақсаттары үшін халықаралық шкала бойынша мынадай ең төменгі жеке кредиттік рейтингі белгіленсін:

ұйымның шетел валютасында – Standard & Poors рейтингтік агенттігінің шетел валютасындағы халықаралық шкала бойынша ұзақ мерзімді ең төменгі рейтингі "BBB"

-дан немесе осы қаулының 3-тармағында көрсетілген рейтингтік агенттіктердің бірі берген осыған ұқсас деңгейдегі рейтингтерден төмен емес."

4. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2019 № 229 (28.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

5. Күші жойылды - ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 26.05.2023 № 27 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

6. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 07.06.2023 № 45 (01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

7. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

8. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

9. "Пруденциялық нормативтерді және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді, сондай-ақ оларды орындау туралы есептілігінің тізбесін, нысандары мен табыс ету қағидаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 308 қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14788 болып тіркелген, 2017 жылғы 28 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерде және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерде:

3-қосымшаға сәйкес Сауалнама Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

4-қосымшаға сәйкес Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерін есептеу туралы мәліметтер Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп Тізбеге 7-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтердің талдамасы туралы есеп Тізбеге 8-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің талдамасы туралы есеп Тізбеге 9-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Ипотекалық ұйымдардың және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдарының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті табыс ету қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы Ұйымдардың пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке бірінші басшы, бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға өкілеттік берілген адамдар қол қояды және ұйымдарда сақталады."

10. "Пруденциялық нормативтердің және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен белгілі бір күнге банк конгломераты капиталының мөлшері лимиттерінің нормативтік мәндерін және есептеу әдістемесін, банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептіліктің тізбесін, нысандарын, табыс ету мерзімдерін, сондай-ақ Банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті табыс ету қағидаларын белгілеу туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 26 желтоқсандағы № 309 қаулысына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14790 болып тіркелген, 2017 жылғы 23 ақпанда Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есеп Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банк конгломераты қатысушыларының салымдар тәуекелінің дәрежесі бойынша сараланған активтерінің, шартты және ықтимал талаптары мен міндеттемелерінің талдамасы туралы есеп Тізбеге 11-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Заңды тұлғалардың жарғылық капиталына, заңды тұлғалардың реттелген борышына салымдар болып табылатын инвестициялар, сондай-ақ банк конгломератының қатысушылары заңды тұлғаларының өз капиталына есепті кезеңде жүзеге асырылған, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған өзге салымдар бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есеп Тізбеге 12-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банк конгломераты қатысушыларының бағалы қағаздар портфелінің есепті күнгі жағдай бойынша құрылымы туралы есеп Тізбеге 13-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банк конгломератының есепті кезең ішінде жасасқан, сондай-ақ есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста

болған топшілік мәмілелері бойынша мәліметтер жинау жөніндегі есеп Тізбеге 14-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулыға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Банк конгломераты қатысушыларының үшінші тұлғалар алдындағы банк конгломераты өз капиталының 10 (он) және одан көп пайызын құрайтын, есепті күнгі жағдай бойынша қолданыста болған міндеттемелері туралы мәліметтер жинау жөніндегі есеп Тізбеге 15-қосымшаға сәйкес редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікті табыс ету қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Есепті күнгі жағдай бойынша қағаз тасымалдағыштағы банк конгломератының пруденциялық нормативтерді орындауы туралы есептілікке банк холдингінің немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банктің бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе есепке қол қоюға уәкілетті адамдары қол қояды және банк холдингінде немесе еншілес ұйымы бар, бірақ банк холдингі жоқ банкте сақталады."

11. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 274 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 31.12.2019 № 273 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 14.11.2019 № 192 (01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Қаржы нарығын және қаржы  
ұйымдарын реттеу мен  
қадағалау жөніндегі агенттігі  
Басқармасының  
2006 жылғы 23 қыркүйектегі  
№ 216 қаулысына  
қосымша  
Нысан

\_\_\_\_\_ (депозиттерге міндетті кепілдік беруді  
жүзеге асыратын ұйымның атауы)

Күні 20\_\_ жылғы " \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_

Депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіруге қосылу шартына екінші деңгейдегі банктердің қосылуы туралы өтініш

Екінші деңгейдегі банк \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (бұдан әрі – Банк)

\_\_\_\_\_ (банктің толық атауы)

\_\_\_\_\_ іс-әрекет жасайтын

\_\_\_\_\_ (жарғы, бұйрық, сенімхат немесе басқа құжат)

\_\_\_\_\_ арқылы,

\_\_\_\_\_ (лауазымы, тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне кіру үшін банктің қосылу шартына қосылады.

Банк қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау мен қадағалау жөніндегі уәкілетті орган берген, депозиттерді қабылдау, жеке тұлғалардың банктік шоттарын ашу және жүргізу бойынша операцияны қоса алғанда, банктік операцияларды жүргізуге арналған 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ № \_\_ лицензияны 20 \_\_ жылғы " \_\_ " \_\_\_\_\_ алды.

Банк "Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінде орналастырылған депозиттерге міндетті кепілдік беру туралы" 2006 жылғы 7 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында және қосылу шартында көзделген қатысушы банктің міндеттемелерін қабылдайды.

Банк деректемелері:

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтамаға сәйкес заңды тұлғаның атауы)

\_\_\_\_\_ (заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтама берілген күн)

\_\_\_\_\_ (заңды мекенжайы)

\_\_\_\_\_ (Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіндегі корреспонденттік шоттың нөмірі)

\_\_\_\_\_ (банктік сәйкестендіру коды)

Бірінші басшы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болса))

\_\_\_\_\_ (қолы)



мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
2-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 29.11.2019 № 229 (28.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
3-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 31 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
4-қосымша

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі Басқармасының 30.03.2020 № 32 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
5-қосымша

Пруденциялық нормативтерге  
және ипотекалық ұйымдар және  
агроөнеркәсіп кешені  
саласындағы ұлттық басқарушы  
холдингтің еншілес ұйымдары  
сақтауға міндетті өзге де  
нормалар мен лимиттерге  
3-қосымша

**Сауалнама \_\_\_\_\_ Оригинатордың атауы**

№	Сұрақ	Жауаптар
1	2	3
1	Арнайы қаржы компаниясының атауы, орналасқан орны	
2	Секьюритилендіруді есепке алмағанда меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті k1-3-тің мәні	

3	Секьюритилендіруді есепке алғанда меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті k1-3-тің мәні (шектеулі тәсіл)	
4	Секьюритилендірудің шектеулі тәсілін қолданудың орындылығын айқындауға жауапты оригинатор басқармасының құрамынан тұлғалар айқындалды?	_____ иә _____ жоқ
5	Арнайы қаржы компаниясы борышкерлердің секьюритилендірілген активтер бойынша төлемдерді ықтимал төлемеуімен байланыстыны қоса алғанда, және оригинатордың банкротқа ұшырауы (төлем қабілетсіздігі) жағдайында барлық тәуекелдерді көтеретіндігі туралы заңды қорытынды бар ма?	_____ иә _____ жоқ
6	Оригинатор директорлар кеңесінің немесе арнайы қаржы компаниясының басқарма мүшелерінің басым көпшілігін тағайындауға немесе сайлауға құқылы ма?	_____ иә _____ жоқ
7	Оригинатор шартпен немесе өзге тәсілмен арнайы қаржы компаниясының шешімдерін айқындауға құқылы ма?	_____ иә _____ жоқ егер, келіскен жағдайда, қандай тәсілмен екендігі нақтылансын
8	Оригинатор арнайы қаржы компаниясынан секьюритилендірілген активтерді сатып алу бойынша қандай да бір міндеттемелерді өзіне қабылдауға құқылы ма?	_____ иә _____ жоқ егер, келіскен жағдайда, міндеттемелер көрсетілсін
9	Оригинатор секьюритилендірілген активтерге қатысты қандай да бір тәуекелдерді ұстап қалу бойынша міндеттемелерді өзіне қабылдауға құқылы ма?	_____ иә _____ жоқ егер, келіскен жағдайда, түсіндірсін
10	Оригинатор арнайы қаржы компаниясы секьюритилендірілген активтерді бергеннен кейін секьюритилендірумен және арнайы қаржы компаниясының қызметімен байланысты шығыстарды қабылдай ма?	_____ иә _____ жоқ
11	Оригинатордың төлем міндеттемелері арнайы қаржы компаниясы шығарған бағалы қағаздар бола ма?	_____ иә _____ жоқ

12	Секьюритилендіру мәмілесінде кері сатып алу опционы көзделген бе?	_____ иә _____ жоқ егер келіскен жағдайда, кері сатып алу опционының іске асыру шартын ашу керек
13	Оригинатор секьюритилендірілген активтерді сатып алуға не оларды жиынтығымен басқа активтерге ауыстыруға құқылы ма?	_____ иә _____ жоқ егер келіскен жағдайда, активтерді сатып алу немесе оларды ауыстыру қандай жағдайларда мүмкін екендігін ашып көрсету
14	Оригинатор секьюритилендірілген активтерге қызмет көрсету бойынша қызметтерді көрсете ме?	_____ иә _____ жоқ
15	Оригинатор мен арнайы қаржы компаниясының арасындағы шартпен және арнайы қаржы компаниясы мен оригинатордың басқа құжаттарында оригинатордың арнайы қаржы компаниясына қандай да бір қолдауды көрсетуге тыйым салуы көзделе ме, оригинатордың секьюритилендіру мәмілесін жүзеге асырудың басында оригинатормен көрсетілетін қолдауды қоспағанда?	_____ иә _____ жоқ егер келіссе, онда түсіндірілсін
16	Арнайы қаржы компаниясының бағалы қағаздар шығарылымының проспектісінде оригинатордың арнайы қаржы компаниясына көрсететін шарттық қолдауы туралы ақпарат бар ма?	_____ иә _____ жоқ
17	Оригинатордың, сондай-ақ оригинатормен айрықша қатынастармен байланысты тұлғалар құжаттарында арнайы қаржы компаниясына қандай да бір нысанда жанама қолдау көрсетуге тыйым салу көзделген бе?	_____ иә _____ жоқ
18	Тартылған рейтингтік агенттіктер туралы ақпарат	
19	Бір секьюритилендіру мәмілесінің аясында траншқа берілген ( сақталынған немесе иемденген) кредиттік рейтингтер туралы ақпарат	
20	Секьюритилендіру мәмілесімен байланысты банкте туындайтын позициялар туралы ақпарат	
21	Құжаттарда өтімділік құралдарын пайдалану көзделе ме?	_____ иә _____ жоқ егер, келіскен жағдайда, түсіндірсін

Ескертпе: Оригинатор осы Сауалнамаға қоса берілген құжаттар мен ақпараттың шынайлығына, сондай-ақ уәкілетті органға Сауалнаманың қаралуына байланысты сұралатын қосымша ақпараттың және құжаттардың уақтылы берілуіне толық жауап береді.

Қоса берілген құжаттар (жіберілетін құжаттар атауларының тізбесі және әрбір құжат бойынша парақтары көрсетілсін).

Басқарманың төрағасы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

---

(қолы) (күні)

Директорлар кеңесінің төрағасы

---

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса))

---

(қолы) (күні)

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
6-қосымша

Пруденциялық нормативтерге  
және ипотекалық ұйымдар және  
агроөнеркәсіп кешені  
саласындағы ұлттық басқарушы  
холдингтің еншілес ұйымдары  
сақтауға міндетті өзге де  
нормалар мен лимиттерге  
4-қосымша

## Меншікті капитал жеткіліксіздігі коэффициенттерін есептеу туралы мәліметтер

(мың теңге)

№	Компоненттің атауы	Секьюритилендіру мәмілесін жүзеге асыру алдындағы соңғы есепті күндегі мәндер	Секьюритилендіру мәмілесін жүзеге асырғаннан кейінгі мәндер
1	2	3	4
1	Бірінші деңгейдегі капитал		
2	Екінші деңгейдегі капитал		
3	Инвестициялар		

4	Меншікті капитал (инвестицияларды ескермегенде)		
5	Ұйым ұстап тұратын және Standard & Poog's агенттігінің "B+"-тен және одан төмен халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен және одан төмен рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар не рейтингтік бағасы жоқ секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы	X	
6	Активтер		
7	Ұ й ы м н ы ң инвестицияларын шегергенде, ұйымның активтері мөлшеріне меншікті капиталдың қатынасы		
8	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған активтер		
8.1	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланатын, ұйым ұстап тұратын және Standard & Poog's агенттігінің "AAA"-дан "AA-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік	X	

	<p>агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>		
8.2	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "A+"-тен "A-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	
8.3	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBBB-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	

8.4	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап қалатын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "BB+"-тен "BB-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен "kzBB-" дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	
9	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған шартты және ықтимал міндеттемелер, оның ішінде:</p>		
9.1	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "AAA"-дан "AA-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	

9.2	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап қалатын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "A+"-тен "A-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	
9.3	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBBB-" дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	
	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "BB+"-тен "BB-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа</p>		



9.4	рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен "kzBB-" дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы	X	
10	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған туынды қаржы құралдары, оның ішінде:		
10.1	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard & Poog's агенттігінің "AAA"-дан "AA-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard & Poog's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzAAA"-дан "kzAA-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы	X	
	Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard & Poog's агенттігінің "A+"-тен "A-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің		

10.2	<p>бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzA+"-тен "kzA-" дейінгі рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	
10.3	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "BBB+"-тен "BBB-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBBB+"-тен "kzBBB-" дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы</p>	X	
10.4	<p>Кредиттік тәуекел ескеріле отырып сараланған, ұйым ұстап тұратын және Standard &amp; Poor's агенттігінің "BB+"-тен "BB-" дейін халықаралық рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің бірінің ұқсас деңгейдегі рейтингі немесе Standard &amp; Poor's агенттігінің ұлттық шкаласы бойынша "kzBB+"-тен "kzBB-" дейін рейтингтік бағасы немесе басқа рейтингтік агенттіктердің</p>	X	

	бірінің ұлттық шкаласы бойынша ұқсас деңгейдегі рейтингі бар секьюритилендіру мәмілесі бойынша позициялар сомасы		
11	Меншікті капитал есебіне енгізілмеген жалпы резервтердің (провизиялардың) сомасына кемітілген, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің жиынтығы		
12	Операциялық тәуекелдің сомасы		
13	Меншікті капиталдың, операциялық тәуекелдің есебіне енгізілмеген, жалпы резервтердің (провизиялардың) сомасына кемітілген, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасына меншікті капиталдың ара қатынасы k1-3		
14	Меншікті капиталдың есебіне енгізілмеген, жалпы резервтердің (провизиялардың) сомасына кемітілген, кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтердің, шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасына бірінші деңгейдегі капиталдың ара қатынасы k1-2		

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы))

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_

(тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

Есепке қол қойған күн 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Қазақстан Республикасының  
қаржы нарығын реттеу  
мәселелері бойынша өзгерістер  
енгізілетін нормативтік  
құқықтық актілерінің Тізбесіне  
7-қосымша

Қазақстан Республикасының  
Ұлттық Банкі Басқармасының  
2016 жылғы 26 желтоқсандағы  
№ 308 қаулысына  
3-қосымша

### Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысан

### Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп

Есепті кезең: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_ жағдай бойынша

Индекс: 1-Ю\_Prud\_norm

Кезеңдігі: ай сайын

Ұсынады: ипотекалық ұйым, агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы

Нысан қайда ұсынылады: Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Ұсыну мерзімі : ай сайын, есепті айдан кейінгі 10 (оныншы) жұмыс күнінен (қоса алғанда) кешіктірмей

Нысан

**(ұйымның атауы)**

(мың теңге)

№	Атауы	Сомасы
1	2	3
1	Сатып алынған меншікті акцияларды шегергенде жарғылық капитал	
2	Сатып алынған меншікті жай акциялары шегерілген, жай акциялар бөлігінде төленген жарғылық капитал	
3	Сатып алынған меншікті артықшылық берілген акциялар	

	шегерілген артықшылық берілген акциялар бөлігінде төленген жарғылық капитал	
4	Қосымша капитал	
5	Өткен жылдардағы бөлінбеген таза кіріс (өткен жылдардағы шығындар)	
6	Өткен жылдардағы кіріс есебінен қалыптасқан қорлар, резервтер	
7	Аымдағы жылдың бөлінбеген таза пайдасы (шығыны)	
8	Негізгі құрал-жабдықты және бағалы қағаздарды қайта бағалау	
9	Меншікті капиталды есептеу үшін қосылатын жалпы резервтер (провизиялар)	
10	Меншікті капиталдың есебіне қосылмайтын жалпы резервтер (провизиялар)	
11	Осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттердің 9-тармағына сәйкес ұйымның сатып алынған меншікті борышын шегергенде ұйымның реттелген борышы	
12	Материалдық емес активтер	
13	Саудаға арналған және сату үшін қолда бар акцияларды қосқанда, эмитенттің акцияларына инвестициялар және заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестері, сондай-ақ заңды тұлғаның реттелген борышы	
14	Ұйымның меншікті капиталы	
15	Ұйымның бірінші деңгейдегі капиталы	
16	Ұйымның екінші деңгейдегі капиталы	
17	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтер	
18	Кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған шартты және ықтимал міндеттемелер	

19	Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегергендегі активтер	
20	Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті k1	
21	Меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенті k1-2	
22	Меншікті капиталдың жеткіліктілігі коэффициенті k1-3	
23	Операциялық тәуекел	
24	Соңғы өткен 3 (үш) жылдағы жылдық жалпы кірістің орташа шамасы	
25	Осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің 4-тарауына және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттерге сәйкес ұйымның алдындағы міндеттемелердің кез келген түрі бойынша бір қарыз алушының немесе өзара байланысты қарыз алушылар тобының жиынтық берешегі	
26	Бір қарыз алушыға (қарыз алушылар тобына) келетін тәуекелдің ең жоғары мөлшері коэффициенті k2	
27	Ұйымның несие портфелі	
28	Меншікті капиталдың мөлшерінен 8 (сегіз) еседен астам аспайтын несие портфелінің ең жоғары мөлшерінің коэффициенті	
29	Өтімділігі жоғары активтерді қосқанда, қалған өтеу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын активтер сомасы	
30	Талап етілгенге дейінгі міндеттемелерді қоса алғанда, қалған өтеу мерзімі 3 (үш) айдан аспайтын міндеттемелер сомасы	
31	Қысқамерзімді өтімділік k3 коэффициенті	
32	Ұйымда есепті кезең ішінде кредиторлар алдында мерзімі	

	өткен міндеттемелердің болуы (Иә /Жоқ)	
33	Бейрезиденттер алдындағы қысқамерзімді міндеттемелер	
34	Бейрезиденттер алдындағы қысқамерзімді міндеттемелердің ең жоғары лимитінің коэффициенті k4	
35	k5 коэффициентінің есебіне қосылатын бейрезиденттер алдындағы міндеттемелер	
36	Қазақстан Республикасының бейрезиденті алдындағы міндеттемелерге ұйымды капиталдандыру коэффициенті k5	
37	Коэффициент k6 есебіне қосылатын бейрезиденттер алдындағы міндеттемелер және борыштық бағалы қағаздар	
38	Қазақстан Республикасының бейрезиденттері алдындағы міндеттемелерге ұйымды капиталдандыру коэффициенті k6	

Бірінші басшы немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Бас бухгалтер немесе есепке қол қоюға уәкілетті адам

\_\_\_\_\_ (тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Орындаушы \_\_\_\_\_

(лауазымы, тегі, аты, әкесінің аты (ол бар болса) (қолы)

Телефоны: \_\_\_\_\_

Есепке қол қойған күн: 20\_\_ жылғы "\_\_\_\_" \_\_\_\_\_

Ескертпе: әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме осы нысанға қосымшада келтірілген.

Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есептің нысанына қосымша

**Әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

**Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы түсіндірме (бұдан әрі – Түсіндірме) "Пруденциялық нормативтердің орындалуы туралы есеп" әкімшілік деректерді жинауға арналған нысанды (бұдан әрі – Нысан) толтыру бойынша бірыңғай талаптарды айқындайды.

2. Нысан "Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы" 1995 жылғы 23 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-3-бабы 1-тармағының 3) және 5) тармақшаларына, "Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеу, бақылау және қадағалау туралы" 2003 жылғы 4 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 5) және 6) тармақшаларына сәйкес әзірленді.

3. Ипотекалық ұйым, агроөнеркәсіптік кешен саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымы Нысанды ай сайын жасайды және есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша толтырады. Нысандағы деректер мың теңгемен көрсетіледі. 500 (бес жүз) теңгеден аз сома 0 (нөлге) дейін дөңгелектенеді, ал 500 (бес жүз) теңгеге тең және одан көп сома 1 000 (бір мың) теңгеге дейін дөңгелектенеді.

4. Нысанға бірінші басшы, бас бухгалтер немесе олар есепке қол қоюға уәкілетті адамдар және орындаушы қол қояды.

## **2-тарау. Нысанды толтыру бойынша түсіндірме**

5. 1-ден 3-ке дейінгі жолдардың 3-бағанында сатып алынған меншікті акциялар шегерілген ұйымның жарғылық капиталының сомалары көрсетіледі.

6. 4-жолдың 3-бағанында ұйымның қосымша капиталының сомасы көрсетіледі.

7. 5-жолдың 3-бағанында ұйымның өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі (өткен жылдардың шығындары) сомасы көрсетіледі.

8. 6-жолдың 3-бағанында ұйымның өткен жылдардың кірісі есебінен қалыптастырылған қорлардың, резервтердің сомасы көрсетіледі.

9. 7-жолдың 3-бағанында ұйымның ағымдағы жылғы бөлінбеген таза кірісі (шығыны) сомасы көрсетіледі.

10. 8-жолдың 3-бағанында негізгі құрал-жабдықтарды және бағалы қағаздарын қайта бағалау сомасы көрсетіледі.

11. 9-дан 10-ға дейінгі жолдардың 3-бағанында ұйымның меншікті капиталдың есебіне қосылатын және қосылмайтын жалпы резервтері (провизиялары) сомалары көрсетіледі.

12. 11-жолдың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттердің 3-тарауының 9-тармағына сәйкес есептелген ұйымның реттелген борышы бойынша сома көрсетіледі.

13. 12-жолдың 3-бағанында ұйымның материалдық емес активтерінің сомасы көрсетіледі.



14. 13-жолдың 3-бағанында сатуға арналған және сату үшін қолда бар акцияларды және ұйымның заңды тұлғаның жарғылық капиталына қатысу үлестерін, сондай-ақ заңды тұлғаның реттелген борышын қоса алғанда, эмиттенттің акцияларына ұйымның инвестициялары сомасы көрсетіледі.

15. 14-тен 16-ға дейінгі жолдардың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттердің 3-тарауының 6, 7, 8-тармақтарына сәйкес есептелген ұйымның меншікті капиталы, бірінші және екінші деңгейдегі капиталының сомалары толтырылады.

16. 17-жолдың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерге және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттерге 1-қосымшаның Ұйымның салымдардың кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтері кестесінің деректеріне сәйкес келтірілген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған активтер сомасы көрсетіледі.

17. 18-жолдың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтерге және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттерге 2-қосымшаның Ұйымның кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған шартты және ықтимал міндеттемелері кестесінің деректеріне сәйкес келтірілген кредиттік тәуекел дәрежесі бойынша сараланған шартты және ықтимал міндеттемелердің сомасы көрсетіледі.

18. 19-жолдың 3-бағанында Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына сәйкес қалыптастырылған резервтерді шегергендегі ұйымның активтері сомасы көрсетіледі.

19. 20-дан 22-ге дейінгі жолдардың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттердің 3-тарауының 10-тамарғына сәйкес есептелген ұйымның меншікті капитал жеткіліктілігі коэффициенттерінің мәндері көрсетіледі.

20. 23-жолдың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен лимиттердің 3-тарауының 10-тамарғына сәйкес есептелген ұйымның операциялық тәуекелі сомасы көрсетіледі.

21. 24-жолдың 3-бағанында осы қаулымен бекітілген Пруденциялық нормативтердің және ипотекалық ұйымдар және агроөнеркәсіп кешені саласындағы ұлттық басқарушы холдингтің еншілес ұйымдары сақтауға міндетті өзге нормалар мен

